

"Бюджеттік саланың білікті қызметкерлері мен мамандарына сұранысты болжау жөнінде комиссия құру туралы" облыс әкімдігінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 31 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 05 ақпандағы N 31 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 3 наурызда N 1517 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 19 наурыздағы N 60 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007.03.19 N 60 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 27-бабы 1 тармағы 21) тармақшасы мен "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы 28-бабы негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Бюджеттік саланың білікті қызметкерлер мен мамандарға сұранысын болжау жөнінде комиссия құру туралы" облыс әкімдігінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 31 қаулысына (тіркеу N 1160 2004 жыл 25 ақпан, "Солтүстік Қазақстан" 2004 жыл 1 наурыз, "Северный Казахстан" 2004 жыл 1 наурыз) мына өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта :

"қосымшаға сәйкес құрамда" деген сөздер алып тасталсын; облыс әкімдігінің жоғарыда аталған қаулысымен бекітілген Бюджеттік саланың білікті қызметкерлер мен мамандарға сұранысын болжау жөніндегі комиссия туралы ереженің 1.5. тармағында "еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" деген сөздер "Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын.

Облыс әкімі